

«Білім күні»
(Ұйымдастырылған ойын іс әрекеті)

«Білімділер бекеті» ересек топ
Тәрбиеші: Сәдібекова А.М

Күні: 02.09.2024ж

Тақырыбы: «Білім күні»

Білім беру саласы: Коммуникативтік дағдыларды дамыту .

Ұйымдастырылған ойын іс-әрекеті: Сөйлеуді дамыту.

Міндеттері: Балаларға 1-қыркүйек Білім күні жайында түсінік беру.

Балабақша туралы түсініктерін кеңейту. Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айта отырып, сурет бойынша білім күнін әңгімелеп, оқу құралдарды таныстыру.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, ойын, сұрақ-жауап

Кіріктірілген : Физикалық қасиеттерді дамыту, Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. Балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту

Барысы:

Балалар, бүгін бізде ерекше күн, жан жағымызға қарайықшы не байқап тұрсындар?

-Дұрыс айтасындар түрлі түсті шарлар, суреттер.

Олай болса бүгін бізде мереке.

Бүгін бізде 1-ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда , мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. Бұл күн ата-аналар үшін де, балалар үшін де, тәрбиеші мен ұстаздар үшін де қуанышты күндердің бірі. Өрбір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады.

Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат, азаматша болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.

- Біздің отанымыз қалай аталады? Дұрыс айтасындар Қазақстан

Олай болса біз гимн айтып жігерленіп алайық.

Балалар, енді қызықты ойын ойнаймыз.



Ойынның аты «Ғажайып қоржын» деп аталады. Ғажайып қоржынның ішінен бірнеше заттар ойыншықтар, оқу құралдары бар. Сол заттардың ішінен оқу құралдарының бірін бөлек, ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек.



Ал енді балалар «Көлеңкесін тап» ойынын ойнаймыз. Алдарыңда сөмке берілген сол сөмке бетіндегі көлеңкесі тұрған оқу құралдарын тауып орналастырамыз. Сурет бойынша әңгімелейді.



Жарайсыңдар, ал енді бір сергіп алайық. «Көңілді күн» сергіту сәті.

Ойын іс-әрекетімізді «Қол аяқ» ойынымен қорытындылаймыз. Қол аяқ үстінен басып жүру арқылы оқу құралдарын атап айтып береді.



Балалар, ойын іс-әрекеті сендерге ұнады ма? Оқу іс-әрекетінен алған білімдерін айтып, қойған сұрақтарға жауап береді.
Барлығың жақсы қатыстыңдар сендерге рахмет!